





Г.М. Мамырбек^{1*} , А.А. Сейітбекова¹ ,
Б.Х. Курманова² , З.Ж. Османова³ 

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: gulfar76@mail.ru

ЖАЗБА МҰРАЛАР НЕГІЗІНДЕ «ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ СӨЗДІГІН» ӘЗІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Күні бүгінге дейін «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» жасалмай келеді, әрі көне, орта және жаңа түркі дәуіріне тән жазба ескерткіштер негізінде қазақ тілінің тарихи сөздік қоры толықтай жинақталған жоқ. Тіл тарихы бойынша ғалымдар тарапынан жүргізілген диахрондық зерттеулерде қазақ тілінің даму тарихынан хабар беретін мол ақпараттар мен этимологиялық талдаулар жетерлік. Алайда ондағы барлық тарихи мәліметтер жүйеленіп, тарихи лексикографиялық зерттеу нысанына алынбай отыр. Тарихи лексикалық қорды қолжазба, түпнұсқа мәтіндер негізінде толықтай жинап, әр сөздің семантикалық, фонетикалық және морфологиялық өзгерістерін анықтау арқылы ғана Тарихи сөздік құрастырылатыны мәлім. Мақалада Тарихи сөздіктің қажеттілігі, оның тіл дамуын зерттеудегі маңызы талданған. Ең алдымен, сөздік жасауға негіз болатын дереккөздерді іріктеу, олардан тілдік материал жинақтау, сөздердің семантикалық дамуын әр жазба ескерткіш негізінде анықтау, фонетикалық және морфологиялық өзгерістерді көрсету, реестрге алынатын сөздерді лексикографиялық жүйелеу жұмыстары жүргізілуі қажет. Бұл жұмыстар кезең-кезеңімен, тарихи деректер мен тілдік талдауға сүйене отырып жүргізілгенде ғана сапалы сөздік түзілетіні мәлім. Тарихи сөздікте тұтас халықтың ұлттық санасы мен ұлттық идеясы көрініс табатынын ХХ ғасырдың басында-ақ ғалымдар мен зерттеушілер негіздеп кетті. Тарихи сөздік әрқашан ұлттық сана-сезімнің оянуына да ықпал ететінін жоққа шығара алмаймыз. Қазақ тіліндегі тарихи базалық лексиканың дамуын диахрондық аспекті негізінде көрсету – Тарихи сөздіктің басты міндеті. Мұндай сөздікте көне дәуірлерге тән лексемалардың қазіргі тілдік жүйеде сақталып қалуы, семантикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырауы, мағыналық жақтан жаңғыруы немесе қолданыстан шығып қалуы, стильдік реңктегі трансформациялары, барлығы кешенді түрде көрініс табады. Осындай жан-жақты тілдік-тарихи сипаттама беретін сөздік түзу, әрі нақты жазба ескерткіштер деректері негізінде құрастыру бүгінгі қазақ тіл біліміндегі маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Тарихи сөздік тілдің әртүрлі даму кезеңдеріндегі лексикалық бірліктерді жүйелі түрде жинақтап, өткен дәуірлерден сыр шертетін тілдік деректерді сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізуде маңызды қызмет атқаратын, халықтың рухани және мәдени мұрасын танытатын құнды құрал. Онда көне замандардағы ойлау жүйесі, дүниетаным, салт-дәстүр, әлеуметтік қатынастар тілдік бірліктер арқылы көрініс табады.

Түйін сөздер: қолжазба мәтін, түпнұсқа мәтін, тарихи сөздік, лексикографиялық зерттеу, этимологиялық талдау.

G.M. Mamyrbek^{1*}, A.A. Seitbekova¹, B.H. Kurmanova², Z.Zh. Osmanova³

¹A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University, Oral, Kazakhstan

³Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: gulfar76@mail.ru

The Issue of Compiling the “Historical Dictionary of the Kazakh Language” Based on Written Monuments

To date, a comprehensive Historical Dictionary of the Kazakh Language has not yet been compiled, and the historical lexical corpus of the Kazakh language based on written monuments of the ancient, medieval, and modern Turkic periods has not been fully collected. Diachronic studies conducted by linguists contain abundant information and etymological analyses that reveal the development of the Kazakh language. However, this historical data has not been systematically organized or subjected to historical lexicographic analysis. It is well known that a Historical Dictionary can only be compiled by

thoroughly collecting the historical lexicon from manuscripts and original texts and identifying semantic, phonetic, and morphological changes of each word. This article discusses the necessity of the Historical Dictionary and its significance in studying language development. First and foremost, it is necessary to select relevant sources, collect linguistic material, trace the semantic evolution of words across various written monuments, reflect phonetic and morphological shifts, and lexicographically systematize the entries. These tasks must be carried out in stages and based on historical data and linguistic analysis to ensure a high-quality dictionary. As early as the beginning of the 20th century, scholars emphasized that the Historical Dictionary reflects the national consciousness and ideology of an entire people. We cannot deny that such a dictionary contributes to the awakening of national identity. The main objective of the Historical Dictionary is to illustrate the diachronic development of the core historical vocabulary of the Kazakh language. It will comprehensively present lexemes from ancient periods that have been preserved in the modern language system, undergone semantic change, acquired new meanings, fallen out of use, or undergone stylistic transformations. Compiling such a dictionary with detailed linguistic-historical descriptions based on actual written monuments is one of the key objectives in contemporary Kazakh linguistics.

Keywords: manuscript text, original text, historical dictionary, lexicographic research, etymological analysis.

Г.М. Мамырбек^{1*}, А.А. Сейтбекова¹, Б.Х. Курманова², З.Ж. Османова³

¹Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан

²Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Уральск, Казахстан

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: gulfar76@mail.ru

Проблема составления «Исторического словаря казахского языка» на основе письменных памятников

На сегодняшний день «Исторический словарь казахского языка» до сих пор не составлен, и лексический фонд казахского языка, основанный на письменных памятниках древнетюркской, среднетюркской и новотюркской эпох, не собран в полном объеме. В диахронических исследованиях, проводимых учеными по истории языка, содержится богатая информация и этимологические анализы, раскрывающие историю развития казахского языка. Однако все эти исторические данные до сих пор не систематизированы и не стали объектом историко-лексикографического изучения. Известно, что Исторический словарь может быть составлен только при полном сборе исторической лексики на основе рукописей и оригинальных текстов с определением семантических, фонетических и морфологических изменений каждого слова. В данной статье рассматривается необходимость Исторического словаря и его значение в исследовании развития языка. В первую очередь, необходимо отобрать источники для составления словаря, собрать лингвистический материал, определить семантическое развитие слов на основе каждого письменного памятника, отразить фонетические и морфологические изменения, а также лексикографически систематизировать слова, включаемые в реестр. Эти работы должны проводиться поэтапно, на основе исторических источников и лингвистического анализа, только тогда можно составить качественный словарь. Еще в начале XX века ученые и исследователи отмечали, что в Историческом словаре отражается сознание и национальная идея всего народа. Нельзя отрицать, что Исторический словарь также способствует пробуждению национального самосознания. Главная задача Исторического словаря – показать развитие исторической базовой лексики казахского языка в диахроническом аспекте. В таком словаре в комплексе отражаются: сохранение лексем древних эпох в современной языковой системе, их семантические изменения, обновления значений, выход из употребления или стилистические трансформации. Составление такого всестороннего лингвистико-исторического словаря на основе конкретных письменных источников является одной из актуальных задач современного казахского языкознания. Исторический словарь – это ценный инструмент, систематизирующий лексические единицы разных этапов развития языка, сохраняющий языковые данные прошлых эпох и передающий их будущим поколениям, представляющий духовное и культурное наследие народа. В нем через языковые единицы отражаются древние мировоззрения, обычаи, традиции, социальные отношения.

Ключевые слова: рукописный текст, оригинальный текст, исторический словарь, лексикографическое исследование, этимологический анализ.

Кіріспе

Тарихи сөздік – сөздердің көне мағынасын, олардың даму эволюциясын және лексикалық құрамдағы өзгерістерін айқындайтын негізгі дерекөз. Ол тілдің дәуірлік, кезеңдік ерекшеліктерін тануға мүмкіндік беретін фактологиялық база. «Қазақ тілінің тарихи сөздігін» жасау үшін мынадай дереккөздер кешенді түрде қамтылуы керек: көне, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері, XV ғасырдан бері қарайғы жазба мұралар, XVIII-XIX ғасырлардағы ресми іс-қағаздар, XIX-XX ғасырлардағы мерзімді баспасөз материалдары, XX ғасыр басындағы ескі қазақ жазба тілі дәстүрін сақтаған ақын-жазушылар шығармалары. Мұндай кең көлемдегі жазба деректер бойынша жасалған тарихи сөздік тіліміздің даму үдерісін ғылыми негізде сипаттауға жол ашады.

Осы мақалада қазақ тілінің тарихи сөздігін әзірлеудің ғылыми-теориялық негіздері айқындалып, жазба мұралар материалы негізінде сөздік мақаланың үлгісі ұсынылады.

Тарихи сөздік құрастыру жазба мұралармен тығыз байланысты. «Қазақ тілінің тарихи сөздігін» құрастыру барысында көне, орта ғасыр ескерткіштерінен бастап, XVIII-XIX ғғ. және XX ғасыр басындағы мұраларға дейін жинақталуы керек. Сонда ғана:

- тілдің жеке бір дәуірдегі қолданысы;

- сөздің хронологиялық даму жолындағы мағыналық өзгерістері анық көрінеді. Сондықтан Тарихи сөздіктің басты мақсаты – сөздердің әуелгі мағынасы мен олардың уақыт өте келе өзгерген семантикалық ерекшеліктерін көрсету. Ол үшін түрлі тарихи деректер мен жазба мұралар кеңінен қамтылады. Мұндай Тарихи сөздік қазақ тіл білімінде әлі күнге дейін жасалған жоқ.

Орыс тілінде тарихи лексикография жақсы дамыған. Мысалы В.Виноградов атындағы Ресей Ғылым Академиясының Орыс тілі институтында «Словарь древнерусского языка XI-XIV вв.» атты сөздіктің 1-ші томы 1988 жылы, 10-шы томы 2013 жылы жарыққа шықты, ал «Словарь русского языка XI-XVII вв.» атты сөздік 1975 жылы жарыққа шығып, 2011 жылы 29-шы басылымы жарияланды. Бұл екі сөздікте көне орыс тілінің деректері қамтылып, олардың грамматикалық, семантикалық өзгерістері көрсетілген. Санкт-Петербургтегі Ресей Ғылым Академиясының Тіл білімі зерттеу институтында «Словарь русского языка XVIII в.» атты сөздік 1984 жылы жарияланып, 2013 жылы 20-шы томы жарыққа шықты, бұл сөздікте I Петр

дәуіріндегі туындылар мен ресми, фольклорлық мәтіндер қамтылған, «Словарь обиходного русского языка Московской Руси XVI-XVII вв.» деген еңбек 2004 жылы жарияланды. «Словарь Академии Российской» (1789-1794; 1806-1822) сөздігінде 43 мыңнан аса сөз қамтылған, сөздер түбірлер арқылы беріліп, семантикалық «гнѣзда» арқылы топтастырылған. Тарихи лексикографияға жеке шығармалар лексикасын қамтитын сөздіктер де жатады, бұл бағытта 1965-1984 жылдар аралығында В.Виноградов «Словарь-справочник «Слова о полку Игореве» атты еңбекті даярлады. Орыс ғалымдары тарихи сөздік қорды жинақтау мақсатында аймақтық тарихи сөздіктерді де жасауды қолға алған. Бұл сөздіктерде сол өңірдің архивтік деректерінде кездесетін сөздер мен жергілікті ерекшеліктер қамтылады. Сонымен қатар, белгілі бір салаға қатысты тарихи сөздіктерді құрастыру да қолға алынған. Мәселен, 1998 жылы О.Борхвальдт құрастырған «Словарь золотого промысла Российской Империи» атты сөздікте XVIII-XIX ғасырларда қолданылған 1500-ге жуық терминдердің түсіндірмесі берілген. Сонымен қатар, мақал-мәтел құрамын сипаттайтын паремиологиялық тарихи сөздіктер де жарыққа шыққан. Әрине, орыс жазба мәдениетінің бай лексикалық материалын бір-екі сөздікте қамту мүмкін болмағандықтан, орыс тіл білімінде тарихи бағыттағы сөздіктерді шығару жүйелі қолға алынған.

Әлемге әйгілі Оксфорд сөздігі (*Oxford English Dictionary, қысқаша OED; алғашқы атауы: New English Dictionary on Historical Principles*) ағылшын тілінің ең беделді тарихи сөздігі. Бұл сөздік 1884-1928 жылдар аралығында бес жүз мың сөзді қамтыған. 1933, 1957-1986 жылдары толықтырулар жүргізіліп, бірнеше томдық қосымшалар жарияланған (Burchfield қосымшалары). Ал 1989 жылы бастапқы сөздіктер, толықтырылған қосымшалар барлығы біріктіріліп, 20 томдық толық шығарылым жарыққа шықты. 1988 жылдан бастап электрондық нұсқасы, 2000 жылдан бастап онлайн сервисі іске қосылды. Бұл сөздікте көне ағылшын әдеби және сөйлеу тілі сөздері толық қамтылған. Ал «Неміс тілінің сөздігі» (В. Гримм, Я. Гримм) 1854 жылы жарыққа шыға бастады. Француз тілінің тарихи сөздігіне қажетті сөздік қорды картотека арқылы жинау XX ғасырдың басында қолға алынды. Еуропа мен батыс елдерінде тарихи сөздік жасау ісі екі-үш жылдың аралығында жүзеге асқан жоқ, немістер (1852-1960) мен ағылшындар 100 жылдан аса (1882-1989) айналысты. Нидерланд ғалымдары

1863 жылдан бастап күні бүгінге дейін жалғастырып жатыр, ал Загреб тарихи сөздігі (серб пен хорват тілдері) 1880 жылы басталып 1967 жылы аяқталды. Бұл бір жағынан реестрде алынған сөздердің хронологиясына, яғни өте көп кезеңдердің қамтылуына, әрі жазба ескерткіштерінің мол болуына да байланысты. Мұндай ауқымды тарихи лексикографиялық еңбектер тілдің даму үрдісін хронологиялық тұрғыдан саралап, оның грамматикалық, лексика-семантикалық жүйесіндегі өзгерістерді және белгілі бір тарихи кезеңдердегі тілдік қолданыстардың даму қарқынын дәл сипаттайды.

Қазіргі таңда шетел ғалымдары тарапынан тілдегі тарихи өзгерістерді арнайы дерекқор арқылы тіркеу мәселесі қолға алынған. Мысалы, француз тіліндегі сөздіктердегі өзгерістерді жүйелі тіркейтін DiCo базасы бар. Бұл база үлкен Тарихи сөздік құрастыруда «уақыт ішіндегі эволюцияны» дәл көрсету үшін нақты әдістемелік негіз бере алады (Sajous, 2022). Канадалық лингвистер тарихи принципке негізделген сөздікті қайтадан шығару мәселесін қолға алған. Ескірген Канадалық Оксфорд сөздігін Канадалық ағылшын сөздігіне (2028 жылы шығады деп жоспарланған) жаңарту үшін DCHP (Canadianisms on Historical Principles) жобасы қолға алынған. Жобада аймақтық жиілік, канадизм типологиясы мен Тарихи сөздікті цифрландыру (метадерек, навигация, пайдаланушыға түсініктілік) талаптарына басты назар аударылып отыр (Stone, 2026).

Қазіргі дәуір цифрлық кезең болғандықтан, білімді жүйелеу мен түсінуді жеңілдететін тезаурус сөздіктер шығару да аса өзекті мәселелер қатарында. Атап айтқанда, ұлттық тілдік тезаурустар жасау, көптілді тезаурустар құру, электрондық білім базаларын дамыту, жасанды интеллект саласында қолдану, яғни тезаурустың болашағын цифрлық технологиялармен тығыз байланыста реттеу аса өзекті болып отыр (Yespenbetov, 2024). Себебі қолда бар ақпарат көлемі үнемі өсіп келе жатқан қазіргі цифрлық қоғамда, семантикалық классификация және деректерді ұйымдастыру мәселелері барған сайын күрделене түсуде.

Осымен байланысты, «Қазақ тілінің тарихи сөздігін» жасау барысында әлемдік лексикография тәжірибесіне және теориялық жетістіктеріне сүйене отырып, оны ғылыми талаптарға сай жоғары сапалы еңбек ретінде қалыптастыру аса маңызды. Сондықтан Тарихи сөздік құрастыру мәселесі ең алдымен, тарихи сөздік қорды толық

жүйелеуден және оны жазба мұралар негізінде жинақтаудан тұрады. Ең бірінші кезекте тұрған маңызды мәселе – тарихи сөздікке енетін сөздерді жинақтау.

Тарихи сөздіктің құрылымы қандай болуы керек? Біздің тұжырымымызша:

- жазба мұралар, жазба ескерткіштер бойынша жинақталған сөздердің ескі жазбаша нұсқасы;

- ол сөздің сол дәуірдегі жазылымы;

- ол сөздің сол дәуірдегі семантикасы берілуі керек.

Сонда әр сөздің қанша жазба ескерткіште қолданылғаны, ол сөздің өз дәуіріндегі семантикасы кешенді түрде көрініс табады. Яғни сөз тарихындағы күрделі семантикалық өзгерістердің эволюциясы, стилдік және функционалдық өзгерістер мысалда берілген сөйлемдер арқылы айқындалады. Осылайша Тарихи сөздік бірнеше ғасыр аралығындағы лексиканың даму динамикасын, сөздің семантикалық өзгерісін жинақтап береді. Егер «Қазақ тілінің үлкен тарихи сөздігі» құрастырылса:

- белгілі бір уақыт аралығындағы барлық сөздің тарихы көрсетіледі;

- тарихи кезеңдердегі жаңа сөздер мен мағыналардың пайда болу үдерісі айқындалады;

- сөздердің көнелену, формалық өзгеріске түсу үрдісі көрінеді.

Яғни, мұндай Тарихи сөздік сөздердің тарихи дамуын, пайда болу және қолданылу кезеңдерін нақтылап көрсетіп, әр дәуірдегі жаңа лексикалық бірліктер мен мағыналардың қалыптасу заңдылықтарын айқындап бере алады және қазақ тілінің ішкі даму эволюциясын жан-жақты сипаттайтын маңызды дереккөзге айналады.

Материалдар мен әдістер

Қазақ тіліндегі тарихи сипаттағы сөздіктердің ішінде алғашқылардың бірі әрі бірегейі ретінде академик Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» атты еңбегін ерекше атауға болады. Бұл еңбекте жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің көне және қазіргі қолданыстағы мағыналық дамуы талданып, негізгі дереккөз ретінде XV-XIX ғасырлардағы жыраулар поэзиясы мен батырлық эпостар алынған. Сонымен қатар қазақ лексикографиясының тарихи қалыптасуын зерттеген К.Ш. Хұсайын (1981), Б.А. Атабай (1998), М. Малбақов (2025) сынды ғалымдардың еңбектерінде XVIII-XX ғғ. сөздіктердің құрылымы мен мазмұнына ғылыми талдау жасалған.

Мақала жазу барысында осы еңбектердегі басты тұжырымдар мен түркітану саласында жарыққа шыққан сөздіктер басты назарда болды. Өз тарапымыздан Тарихи сөздіктің үлгісін ұсыну барысында орта ғасырдағы Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки», Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» және Әбілғазының «Түркі шежіресі» мен Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих» және XVIII-XIX ғғ. мұраларына жататын ескі қазақ тілінде жазылған ресми іс-қағаздар үлгілері, заң құжаттары, жеке тұлғалардың бір-біріне жазысқан хаттарының мәтіндері мақаланың негізгі материалы болды.

Зерттеу материалы ретінде әртүрлі тарихи кезеңдерге жататын, тілдік дерегі салыстыруға қолайлы жазба мұралар іріктелді. Материалды таңдауда лексемалардың бірнеше дәуірдегі қолданысын салыстыруға мүмкіндік беруі, түпнұсқа мәтіннің сақталуы және тарихи-семантикалық өзгерісті көрсету әлеуеті негізгі өлшем ретінде алынды. Талдауға алынған бірліктер тарихи сөздік мақала үлгісін көрсетуге қолайлы көпмағыналы және тарихи сабақтастығы бар лексемалар қатарынан таңдалды.

Материалдарды талдау барысында келесі ғылыми әдістер қолданылды:

Салыстырмалы-тарихи әдіс – сөздердің фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерін тарихи даму тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді. Түркі тілдерімен (көне және қазіргі) салыстыру арқылы сөздің түп-төркінін анықтау жүзеге асырылды. Этимологиялық талдау әдісі – жеке лексемалардың шығу тегін анықтау мақсатында жүргізілді. Контекстік талдау әдісі – сөздердің мағынасын жазба мұралардағы контекст негізінде тану үшін қолданылды. Бұл тәсіл жазба мұралардан алынған сөйлемдерді қазақ тіліне аудару барысында пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Тарихи бағыттағы лексикографиялық еңбектер қатарын М.Қашқаридың (Диуани лұғат ит-түрік, XI ғ.) сөздігі бастайтыны мәлім, одан кейін ортағасырлық қыпшақ тілді сөздіктер, Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінде берілген сөздік (1860-1861), В.В. Радловтың (Опыт словаря тюркских наречий, 1888-1911, 4 том), Л.З. Будаговтың (Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, 1863), Э.И. Фазыловтың (Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века, 1965), Древнетюркский

словарь (1969), Э.В. Севортянның (Этимологический словарь тюркских языков, 1974) сөздіктері жарыққа шықты.

Сөздік құрастыру – адамзаттың ежелден бері келе жатқан зияткерлік жетістіктерінің бірі. Ол көп күш-жігерді, терең ой мен білімді және мықты шығармашылықты талап етеді. Мәселен, М. Қашқаридың сөздігі арабтарға түркі тілін үйрету мақсатында құрастырылған ең көне сөздік. Онда XI ғасырдағы түркі тайпаларының тілі мен диалектілері қамтылып, тарихи-мәдени мәліметтер берілген, түркі тілдерінің лексикалық, грамматикалық жүйесі көрсетілген. Ал ортағасырлық қыпшақ тілді сөздіктерде, мысалы, «Кодекс куманикуста» қыпшақ тіліндегі сөздер мен тіркестер қамтылып, орта ғасырдағы қыпшақ тілінің ресми мәртебесі айғақталған, В. Радлов сөздігінде түркі тілдері мен диалектілері, атап айтқанда, қазақ тілінен бастап түрік, өзербайжан, қырғыз, татар, өзбек, ұйғыр, якут, алтай, башқұрт, қарайым, шор, чулым, хакас тілдерінің лексикасы молынан қамтылған (1888-1911). Автор бір сөздің әр түркі тілдеріндегі айырмашылықтарын реестрге беру арқылы көрсеткен. Л. Будагов сөздігінде түркі лексикалары салыстырмалы түрде талданған (1869; 1871), Э. Фазылов еңбегінде XIV ғасырдағы жазба ескерткіштер лексикалық тұрғыдан зерттелген (1966; 1971), Э. Севортян сөздігінде түркі сөздерінің шығу төркінін, тарихын анықтап, салыстырмалы этимологиялық талдау жасалған және әрбір сөздің түп-төркіні мен туыс тілдердегі нұсқалары көрсетілген (1974; 1978; 1980; 1989). Ал «Древнетюркский словарь» Орхон-Енисей, орта ғасыр, көне ұйғыр ескерткіштерінің лексикасын қамти отырып, түркі тілінің сөздік қорын жүйелі түрде талдап, этимологиясын көрсеткен (1969). Бұл сөздіктердің барлығы түркі тілдерінің тарихын, құрылымын, дамуын және лексикалық қорын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар академик Р. Сыздықтың «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (2009), «Сөздер сөйлейді» (1994), академик Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» (2009), сондай-ақ «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966), «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі» (1997), «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы (5 томдық) (2011), «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» (1969), «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» (2005), «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі (2013), Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих» жылнамасы-

ның тезаурус сөздігі (2012) тәрізді басқа да еңбектерде түркі және қазақ тілінің байланысы мен сабақтастығы туралы мол мәлімет қамтылған.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, тарихи сөздік жасау үдерісінде жазба мұраларды кезеңдік, семантикалық және құрылымдық тұрғыдан қатар қарастыру шешуші мәнге ие. Жекелеген лексемалардың әр дәуірдегі қолданысын салыстыру олардың мағыналық жіктелуін, тұлғалық өзгерісін және қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты мақалада тарихи сөздік мақаласының үлгісін жасауға негіз болатын бірнеше лексемаға талдау жасалды.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі – Тарихи сөздік түзу ісі. Мұндай сөздіктер тілдің даму тарихын сипаттап қана қоймай, әрбір сөздің алғашқы мағынасы мен тұлғалық формаларын, сондай-ақ оның мағыналық және құрылымдық өзгерістерін жазба деректер негізінде көрсетеді. Мақалада тарихи бағыттағы лексикографиялық еңбектерге шолу жасалып, «Қазақ тілінің тарихи сөздігін» құрастырудың ғылыми-теориялық мәселелері талданады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі аса маңызды бағыттардың бірі – Тарихи сөздік жасау мәселесі болып тұр. Бұл салада белгілі бір жазба ескерткіштер тілі аясында ғана зерттеулер жүргізіліп келеді. Қазақ тілінің тарихи лексикалық қорын толық қамтып, соның негізінде кең көлемді Тарихи сөздік құрастыру ісі әлі күнге дейін жүйелі түрде қолға алынбай жатыр. Жалпы Тарихи сөздіктер – сөздің пайда болу тарихын, алғашқы мағынасы мен формалық ерекшеліктерін, сондай-ақ кейінгі кезеңдердегі семантикалық және тұлғалық өзгерістерін жазба деректер мен қазіргі тілдік материалдар негізінде нақтылайтын маңызды еңбек. Осы тұрғыдан алғанда, Тарихи сөздік – тіл дамуының дәуірлік сипаттарын ашып көрсететін сенімді дереккөз болып табылады.

Қазіргі таңда шетел ғалымдары ескі тарихи сөздіктерді қалпына келтірудің және Тарихи сөздік құрастырудың заманауи тәсілдерін қарастыруда. Атап айтқанда:

- тарихи мәтіндерді автоматтандыру, LLM, OCR тәрізді базаларға жинақтау;

- интердисциплинарлық жүйе арқылы біріздендіру (лингвистика, археология, тарих,

эпиграфика т.б. салалар негізінде жинақтап біріктіру).

Мәселен, XVII-XVIII ғасырдағы эстон-неміс тарихи сөздіктерін цифрлау мақсатында тіл модельдерін (LLM) қолдану қолға алынып, тарихи сөздіктерді vision-enabled (көру мүмкіндігі) автоматты түрде тану және бірыңғай деректер жиынтығын құру мәселесі қаралуда (Jürviste, Jakobson, 2025).

Қазақ тілінің толыққанды Тарихи сөздігін жасау үшін бірнеше маңызды шарт орындалуы қажет. Атап айтқанда:

- ең алдымен, әр тарихи кезеңге тән жазба мұралар негізінде жасалған зерттеулер мен құрастырылған сөздіктер толықтай жинақталуы қажет;

- екіншіден, осы жинақталған материалдар негізінде тарихи лексикалық бірліктердің құрамы анықталып, электронды база жасақталуы тиіс;

- үшіншіден, Тарихи сөздіктің құрылымы, сөздік мақаланы беру жолдары бекітілуі тиіс.

Бұл үш шарт орындалуы үшін көне, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінен бастап, XV-XVII ғасырдағы жазба ескерткіштер, XVIII ғасырдағы ресми құжаттар, XIX-XX ғасырлардағы мерзімді басылымдар, сондай-ақ XX ғасыр басындағы ескі қазақ тілінде жырлаған ақын-жазушылар шығармалары мен халық ауыз әдебиеті үлгілері, сонымен қатар орыс зерттеушілері Радлов, Будагов, Бекчурин, Ильминский тарапынан жазылған сөздіктер де барынша қамтылуы қажет. Мәселен, көне және орта түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін барлық атаулардың этимологиясы ашылып Тарихи сөздікке кешенді түрде енгізілсе, екі дәуір кезеңіндегі тілдік қолданыс пен ерекшелік жүйелі түрде салыстырылып, сөздердің семантикалық эволюциясы, фонетикалық және морфологиялық өзгерістері, сондай-ақ тарихи-мәдени ықпалдардың тілдік қабаттарға әсері нақты айқындалар еді. Мысалы, бір ғана лауазым атауларына қатысты мынадай тұжырым жасауға болады: «Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін лауазым атаулары ортағасырлық түркі мемлекеттерінің әкімшілік құрылымынан, саяси жағдайынан хабар береді. Түбі бір түркі халықтарына ортақ жазба ескерткіштердегі атаулардың мағынасына үңілу арқылы түркілік таныммен танысуға жол ашылады. Ескерткіш мәтіндерінде билеушіні *qan* деп атаса, ең жоғарғы билеушіні *qayan* деп көрсетеді» (Салқынбай, Каспихан, 2025, б. 121). Немесе ономастикалық атауларды алайық. «Ха-

лықтардың тамырлас туыстығы оның тарихы мен тілінде ғана емес, ономастикалық жүйесінде сақталған. Түркі ономастиканы әлеуметтік-мәдени әсерге аз ұшырады, есімдер көне дәуірден сақталып жетті. Ономастикалық деректер этнолингвистиканың қайнар көзі болып саналады» (Қортабаева, 2024, б. 62). Яғни тілдік қолданыстағы осы сияқты басқа да барлық атаулардың Тарихи сөздікте жинақтап берілуі түркілік және ұлттық танымның даму эволюциясын жүйелеп көрсетеді. Сонымен қатар үлкен кешенді Тарихи сөздік көптеген «қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарды» (*Қ. Алдашеваның термині*) тарихи тұрғыдан сұрыптауға мүмкіндік береді. «Қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар – тілден тыс және тілдік ішкі факторлардың ықпалымен жаңа зат, ұғым, түсінік, құбылыс атауларын беру үшін белгілі бір тілдің жаңа сөз жасайтын әдіс-тәсілдері арқылы пайда болған жаңа атау (дара номинация), күрделі сөз, сөз тіркесі» (Алдашева, 2023, б. 7). Мәселен, қазақыландыру үдерісі нәтижесінде енгізілген *мәуесек*, *шамдал* тәрізді терминдер жазба мұраларда актив қолданылған лексикалар қатарына жатады. Алайда бұл сөздердің әр жазба ескерткіштердегі семантикалық қолданысы біркелкі емес. Тарихи сөздікте осы тәрізді сөздердің бірнеше кезенді қамтитын семантикалық эволюциясы айқын көрінер еді.

«Қазақ тілінің тарихи сөздігін» жасау мәселесін үздіксіз көтеріп келе жатқан лексикограф-ғалым М. Малбақов тарихи лексиканың мәнін тілдің құрылымдық салаларын жан-жақты қамтитын, тілдік бірліктер мен құбылыстардың ерекшелігін ашып көрсететін маңызды бағыт ретінде сипаттайды. Ғалым тарихи лексиканы мемлекеттік тілдің қалыптасу жолын бейнелейтін, көне дәуірлердегі ру-тайпалық тілдік ерекшеліктермен тығыз байланысты құбылыс ретінде бағалай отырып, Батыс пен Еуропа елдерінде этимологиялық және Тарихи сөздіктердің түрлері ерте кезден бастап жасала бастағанын, ал қазақ тіл білімінде тарихи лексикография саласының даму қарқыны әлі де мардымсыз екенін, сол себепті де жекелеген ескерткіштер негізінде сөздіктер түзу мен кешенді Тарихи сөздік жасау дәл бүгінгі қазақ тіл білімінің дамуындағы өзекті әрі қажетті бағыт болып отырғанын атап көрсетеді.

Тарихи сөздікте тілдік жүйедегі жүйелі өзгерістер кешенді түрде, тұтастай көрінеді. Біз өз тарапымыздан ортағасырдағы Сейф Сарайдың «Гүлістан бит-түрки», Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» және Әбілғазының «Түркі шежіресі»

мен Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих» және XVIII-XIX ғғ. мұраларына жататын ескі қазақ тілінде жазылған ресми іс-қағаздар үлгілері, заң құжаттары, жеке тұлғалардың бір-біріне жазысқан хаттары негізінде «Қазақ тілінің тарихи сөздігінің» үлгісін ұсынып көрейік. Ресми іс-қағаздар тілі ортағасыр жазба дәстүрін берік ұстанғандықтан, XIV-XVII ғғ. ескерткіштер тілімен лексикалық жағынан сабақтастықта қарастырылады. Ресми іс-қағаздар үлгілерінде көне түркі тілінің грамматикалық құрылымдары мен лексикалық ерекшеліктері сақталған, сонымен қатар араб, парсы тілінен енген әкімшілік, құқықтық, діни терминдер молынан кездесіп, жазба тілдің канондық сипатын да білдіреді. Бұл құжаттар тілі тек тарихи дерек қана емес, қазақ тілінің даму кезеңдерін зерттеуде аса маңызды материал болып табылады және олардың тілі Тарихи сөздік үшін зор маңызға ие. Әбілғазының «Түркі шежіресі» мен Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат тауарих» шығармаларында ескі қазақ тілінің үлгісі сақталғандықтан, бұл мәтіндерден Тарихи сөздік үшін қажетті тілдік бірліктерді молынан табуға болады. Аталған туындылардағы жекелеген сөздер мен тіркестерді орта түркі дәуірінің жазба ескерткіштерімен салыстыру барысында елеулі тілдік айырмашылықтар байқалады. Бұл ерекшеліктер сол дәуірлердің өзіне тән тілдік заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді.

Енді осы аталған мәселелерді нақты жазба мұралар негізінде талдап көрейік. Мәселен, *ағыр* сөзінің жоғарыда аталған төрт ескерткіш бойынша мағыналары мен грамматикалық формалары әртүрлі екені және омоним сөз ретінде де қолданыста болғандығы анық көрінеді:

АҒЫР. Етістік – 1. *Ауыру*. Бір ахмақ кішінің көзі *ағырыр* ерді (Бір ақымақ кісінің көзі ауыратын еді) (Гүлстан бит-түрки). 2. *Жек көру*. Бү сөзні ешіткеш Оғыздың *ағырдылар* барчасы Оғұзны өлтүрмекке иттифақ қылдылар (Бұл сөзді естіген соң Оғызды жек көріп, Оғызды өлтіруге барлығы келіседі) (Жамиғат тауарих). 3. *Құрметтеу*. *Ағырлаб* утру чықты Хұсрау елдің (Құрметтеп алдынан шықты Хұсрау елден) (Хұсрау уа Шырын). 4. *Ренжу*. Мың беклері иттифақ билән Сүйүрқоқты бегі хизметінде келіб Менгу хан ағасыдан *ағырыб* арыз қылды (Мың бегі ынтықмақтықпен Сүйүрқоқты бегі қол астына келіп, Менгу ханның ағасына ренжіп, шағымданды) (Жамиғат тауарих). **Сын есім** – 1. *Ауыр*. Ләшкерінің *ағыр* иүгіні уа иаман малыны ташлаб көшүб қайтдылар (Әскерінің ауыр жүгі

мен жаман дүниелерін тастап көшіп кетті) (Түркі шежіресі). Фақыр ұғлы бұ сөзні ештіб айтты тік отыр кім сенің атаң *ағыр* таш үстiнде тебренгенче керек менiм атам жаннатка кiрмiш болғай (Кедей ұлы бұл сөзді тыңдады да: Тыныш отыр, сенің әкең ауыр тас астынан қозғалғанша, менің әкем жаннатта болады, – деді) (Гүлстан бит-түрки). Егер күш қуатыңызға ишанұб іш қыламуз десеңіз бiз һәм бұл сөзiңiзге бiр жауап айтамыз көңлүңiзге *ағыр* келмесүн (Егер күш қуатыңызға сеніп әрекет етеміз десеңіз, бiз де бұл сөзiңiзге бiр жауап айтатын боламыз, көңiлiңiзге ауыр келмесiн (1787 жылы 4 тамызда Ералы сұлтаннның Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды тұтқыннан босатуын сұрап полковник Д.А.Гранкинге жазған өтiнiшi). 2. *Көп, қалың*. Бұ сөзден бiрнеше күн кечтi дағы сұлтан бiр *ағыр* дұшман черiсi келдi бұлар дағы черiк йасаб қаршы йүрдiлер (Осы әңгiмеден соң бiрнеше күн өткенде сұлтан (елiне) бiр қалың дұшпан әскерi келдi, бұлар да әскер жасақтап, қарсы тұрды) (Гүлстан бит-түрки). 3. *Салмақты*. Ай хан иахшы уа әдiл уа *ағыр* уа әдеблiк кiшi ердi (*Ай хан жақсы, әдiл, салмақты және әдептi кiсi едi*) (Түркі шежіресі). Озақы тег *ағыр* тұтты өзiнi. Бұрынғыдай салмақты ұстады өзiн (Хұсрау уа Шырын).

Көрiп тұрғанымыздай, *ағыр* сөзi жазба мұраларда етiстiк және сын есiм ретiнде жұмсалған. Мәселен, «ауыру, ауырып қалу» мағынасында тек «Гүлстан бит-түрки» ескерткiшiнде қолданылған, басқа үш ескерткiште бұл мағына кездеспейдi, ал «жек көру» мағынасы тек «Жамиғат тауарихта» ғана бар. «Құрметтеу» мағынасы тек «Хұсрау уа Шырында» ғана қолданылған. Немесе «салмақты» деген мағынасы XIV ғасырда жазылған «Хұсрау уа Шырын» мен XVII ғасырда жазылған «Түркі шежіресiнде» қолданылған. Яғни үш ғасыр бойы *ағыр* сөзiнiң «салмақты» деген семантика өзгерiссiз сақталған. Бұған қарап, бiр сөздiң тарихи семантикасы мен қолданыс аясының бiркелкi болмағанын аңғарамыз. Бұл сөз қазiргi қазақ тiлiнде *ауыр* деген формада келiп, омоним ретiнде және бiрнеше мағынада жұмсалады: 1. Салмақты, жеңiл емес; 2. Азабы мол; 3. Ауыртпалық; 4. Қайғылы, мұңды; 5. Тым үлкен, аса зор; 6. Қауiптi, қатерлi; 7. Жанға бата тын; Көп жауапкершiлiк жүктейтiн; Қорытылуы қиын (ас); 8. Науқастану; 9. Жанына бату, ауырсыну; 10. Күйiп-жану. Сонда омонимдiк мағыналарын қоса есептегенде, қазiргi тiлiмiзде бұл сөздiң онға жуық мағынасы бар екен. Бұл мағыналардың көпшiлiгi көне семантикасынан өрбiп, қазiргi тiлге жеткенiн анық аңғарамыз.

АЙАҚ. Зат есiм – 1. *Аяқ, дене мүшесi*. Бiр иолы *айағы* дердлi болды аны арба билән ордүсүна келтүрдiлер (Бiр жолы аяғы дерттi болды, оны арбамен ордасына әкелдi) (Жамиғат тауарих). Оларның атдын иықылыб *айақлары* сыныб ердi үшбу күнлер тайақлар бiрлән ташқары чықыб iчкерi кiредүр ердiлер (Олардың аттан жығылып аяқтары сынып едi, сол күндерi таяқпенен тысқа шығып кiретiн едi) (Түркі шежіресі). Бар болса көркүз елiнде бүгүн ерлiкден фан өз *айағы* билә көр ағызына келдi дұшман (Бар болса, көрсет бүгiн күшiңдi, батырлықтан өнерiңдi, қара, өз аяғымен алдыңа келдi дұшпан) (Гүлстан бит-түрки). Йықылмышлар *аяқдын* есрүб ол түн (Ол түнi мас болып, тұра алмай аяқтан) (Хұсрау уа Шырын). 2. *Шыны, кесе*. Қымыз iче тұрған алтүн *айағы* билән бiр баурычысын алды аның иадғары деб (Оның жәдiгерi деп қымыз iшетiн алтын кесесi мен бiр бауыршысын алды) (Жамиғат тауарих). Ол елнiң қазаны уа табақы уа *айақы* барчасы күмiшден болүр (Ол елдiң қазаны, табағы, аяғы (ыдысы) баршасы күмiстен болатын) (Түркі шежіресі). 3. *Шарап құятын бокал*. Йүрiттi тегма йандын бiрге аяқы (Жүргiздi бокалды түгел айналасына) (Хұсрау уа Шырын). Үстеу – 1. *Төменгi жақ*. Бiр иыл Сырның *айақын* қышлаб ердiлер Шаһбахыт хан Бүрке сұлтандын бiр тоқай иоқары қышлаб ердi (Бiр жылы Сырдың төменгi жағын қыстап едi, Шаһбахыт Бүрге сұлтаннан бiр тоғай жоғары қыстаған едi) (Түркі шежіресі).

Көрiп тұрғанымыздай, аяқ сөзiнiң «дене мүшесi» деген мағынасы төрт ескерткiште де қолданылған. Бұдан «дене мүше атаулары түркі халықтарының барлығына ортақ болған» деген ғалымдар тұжырымының дәл екендiгiн аңғарамыз. Ал «ыдыс» мағынасын беретiн омонимдiк қатары төрт ескерткiште бiрдей қолданылмаған.

АЙЫР (АЙРЫЛ). Етiстiк – 1. *Айыру, ажырату*. Атасыны сүфер ұғлыдын *айыра* (Әкесiн жақсы көретiн ұлынан айыра) (Хұсрау уа Шырын). Бiзлернiң сүйегiмiзден тәнүмiзнi *айыру*б аладүр (Бiздiң сүйегiмiзден тәнiмiздi айырып алады) (1803 жылы кiшi жүз сұлтандары мен старшиналарының қабылдаған анты). Өскемен молласы Мырзағали Ғаббасоф ұғлына аларның *айырыб* берген шарифатын үшбу ережеге тiркелүб иазүлса екен (Өскемен молдасы Мырзағали Ғаббасов ұлына олардың ажыратып берген шарифатын осы ережеге тiркеп жазса екен) (1885 жылы Абай Құнанбайұлының қатысуымен Қарамола съезiнде жасалған ережелер). Қазақ рәсiмi бойынча байдан хатүнны *айыруға*

боладүр байы белсіз болса, иаки астының иазұлмаслық ауруы болса (Қазақ заңы бойынша байдан қатынды ажыратуға болады, байы белсіз, яғни төменгі жағының жазылмастай ауруы болса) (1885 жылы Абай Құнанбайұлының қатысуымен Қарамола съезінде жасалған ережелер). 2. *Бөліну*. Һәр заманда һәр үрүғдын һәр бірісінден біреп біреп үрүғ болуб бір бірісінден *айрылдылар* һәр бірісіне біреп ат атанды фалан үрүғ деб (Әр заманда әр үрпақтың әр біреуі бір-бір ру болып, бір-бірінен бөлінді, әр біреуін «пәлен ру» деп жеке атпен атады (Жамиғат тауарих). Елдүркін сүлдүс елідін *айрылған* түрүр (Елдүркін сүлдүс елінен бөлінген болатын) (Түркі шежіресі). 3. *Сындыру*. Түтүб міскін кішінің панжесіні *айырмақ* күч билән ғайн хата дүр (Кедей кісінің саусағын ұстап, күшпен сындыру – үлкен қателік) (Гүлстан бит-түрки).

Жоғарыдағы мысалдардан *айыр* етістігінің байырғы, яғни көне бірінші мағынасы күні бүгінге дейін тілімізде актив қолданыста екендігін көреміз. Ал ескерткіштерде кездесетін «сындыру» семантикасы қазір «быт-шытын шығару, дал-дұлын шығару» деген мағынаға ауысқан.

КҮТУ. Етістік – 1. *Бағу*. Ол айтды мен сығырларны *күтермін* сығырлар менге табиғ түрүр (Ол: «Мен сиырларды бағамын, сиырлар маған бағынышты», – деп айтты) (Жамиғат тауарих). 2. *Күту, тосу*. Он кішімізні иорта ибердүк үшбу китабатүңізні бізге тезлүк илән иолласаңыз деб Қаракөлде *күтүб* қалдүк (Он кішімізді әдейі жібердік, сол хатыңызды бізге тез жетсін деп Қаракөлде күтіп қалдық) (1808 жылы Қаратай ханның Орынбор шекара комиссиясына жолдаған арызы). 3. *Қонақ ету*. Енді тергеудің себебінен аңғы білініб байқасам сондай үлүкды *күтіб* алуға бағзы уақытта елге көб чығын келіп бұл чығынның бәрін кедейлер көтереді екен (Енді тергеу барысында анығы білінді, байқасам сондай ұлықтарды күтіп алуға бұрындары елге көп шығын келіп, ол шығынның бәрін кедейлер көтереді екен) (1890 жылы Дала генерал губернаторы фон Таубенің қыр облыстарының басқарушыларына арнаған жарлығы). *Күту* етістігін тек «Жамиғат тауарих» ескерткішінен бір ғана мағынада кездестірдік. Басқа үш ескерткіште бұл сөз *сақтау, түту, асра* сөздері арқылы берілген. Демек қазіргі қазақ тіліндегі *күту* сөзінің байырғы көне мағыналарының бірі «бағу» болған. Бұл семантика тілімізде *ауру анасын қатты күтті* деген тәрізді қолданыстарда сақталған деп айта аламыз. Ал қазіргі тілдегі мағыналары XVIII ғасырдағы жазбаларда сақталған.

САҚЛА. Етістік – 1. *Сақтау*. Хүкім қылдыкім ер уа хатүн бікізден та игнеге че *сақласун* уа тақы һәр түрлүк салах кім үрүш күнінде дәркер болүр (Ер және әйел болсын әртүрлі керек-жарағын біз бен инеге шейін сақтасын, ұрыс күнінде керек болар деп үкім қылды) (Түркі шежіресі). Сырыңны көңүлде *сақлагыл* бек мушфиқ саңа йоқ жаһанда сен тег (Сырыңды көңілде сақтағыл бек, Жанашыр саған жоқ жаһанда сендей) (Гүлстан бит-түрки). Шол книгені молла алүб жүрмей үйүнде сақласа екен (Сол кітапты молда алып жүрмей, үйінде сақтаса екен) (1885 жылы Абай Құнанбайұлының қатысуымен Қарамола съезінде жасалған ережелер). 2. *Күту, қарау*. Үгедей ханның ордасында данешмәнд Хажиб аны *сақлаб* ерді (Үгедей ханның орадасында данышпан Хажибті күтіп еді) (Жамиғат тауарих). Біз бұларны душманлық үчүн тутқанымыз йоқ ғиззат уа хүрмет бірлән сақлармыз (Біз бұларды дұшмандықпенен ұстағанымыз жоқ, ізет-құрметпенен күтеміз) (Түркі шежіресі). Олар өз арасындан бірін әйе қылүб баланы малы бірлән сақлатады (Олар өз арасынан бірін әйе (аға, үлкен қамқор кісі) қылып, баланы малымен қаратады) (1885 жылы Абай Құнанбайұлының қатысуымен Қарамола съезінде жасалған ережелер). 3. *Бағу*. Аны Жочы Қасар алыб Алталүн хатүңға берді ол *сақлады* (Оны (баланы) Жошы Қасар алып Алталүн қатынға берді, ол бақты) (Жамиғат тауарих). Өз ұғлы еркенін білді тақы көтеріб анасы қатыға алыб келді анасы *сақлады* (Өз ұлы екенін білді де көтеріп анасының қасына алып келді, анасы (баланы) бақты) (Түркі шежіресі). 4. *Ұстау*. Бату хан бұ жамағатны меһман қылды қырық кече уа күндүз сақлады (Бату хан бұл жамағатты қонақ етіп үш күн, үш түн ұстады) (Түркі шежіресі). 5. *Қорғау*. Елік мың кіші бірлән Ғайыр ханны Отырар уалайатын *сақлагалы* қойүб ерді (Елу мың кішіменен Ғайыр ханды Отырар уалайатын қорғауға қойып еді) (Түркі шежіресі). Ічерде *сақлашу* ол бірі бірін (Ішерде қорғап, олар бір-бірін) (Хүсрау уа Шырын). 6. *Күзету*. Ол себебдін падшаны *сақлаган* кішілерні түрғақлар дерлер ерді (Сол себебті патшаны күзететін адамды «түрушылар» дер еді) (Түркі шежіресі). 7. *Асырау*. Ол ұғланны хан өз қолында *сақлады* (Ол баланы хан өз қолында асырады) (Түркі шежіресі).

Жоғарыдағы мысалдардан көріп тұрғанымыздай, *сақла* етістігінің мағыналары жазба ескерткіштерде өте кең мағынада қолданылған және көп мағыналы (полисемиялық) етістік болғаны анық байқалады. Салыстыра талдасақ, бі-

рінші мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі *сақтау* сөзімен толық сәйкес келеді. Жоғарыдағы бірінші мысалда заттай нәрселерді (ине, біз) сақтау туралы айтылса, екінші мысалда ішкі жан дүниеге (сыр, көңіл) қатысты қолданылып, дерексіз заттарды сақтау, яғни есте сақтау, құпияны іште сақтау мағынасын береді. Бұл сөздің екінші мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі «күту» (мысалы, қонақ күту) етістігімен мәндес. Үшінші мағына тарихи контексте «баланы тәрбиелеп, бағып өсіруді» білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде де «баланы бағып-қағу», «қолына алып тәрбиелеу» деген тіркестер осы мәнді береді. Тарихи мәтіндердегі *сақла* етістігі қазіргі қазақ тіліндегі *сақтау* сөзінің байырғы нұсқасы деп айта аламыз. Қазіргі тілімізде бұл сөз семантикалық өрісін кеңейтіп көне мағыналарымен үндесіп жатыр:

Сақтау – затты не деректі, дерексіз ұғымды сақтау;

Күту – біреуге қызмет ету;

Бағу – баланы бағып-қағу;

Ұстау – бір жерде ұстап тұру;

Қорғау – жаудан қорғау;

Күзету – қауіпсіздігін сақтау;

Асырау – өз қарауында қамқорлық жасау.

Бұл *сақла* етістігінің көне түркі тілінде кең мағыналы, яғни полисемиялық етістік болғанын көрсетеді. Уақыт өте келе қазақ тілінде бұл бір ғана түбірден тараған мағыналар дараланып, әрқайсысы жеке-жеке етістікке айналған. Мәселен, көне «сақла» етістігінің «қорғау» мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі «қорғау» етістігімен, «күтіп қарау» мағынасы «күту», «бағу» мағынасы «бағу», «асырау» мағынасы «асырау», ал «бір жерде ұстап тұру» мағынасы «ұстау» етістігімен беріледі. Осылайша, тарихи даму барысында бастапқы бір сөздің семантикалық өрісі бөлшектеніп, қазіргі тілде мағынасы нақты әрі тар шеңбердегі бірнеше дара етістікке таралған. Бұл тілдегі семантикалық саралану мен тарихи диахрондық өзгерістің көрінісі. Бұндай диахрондық өзгерістерді Тарихи сөздік арқылы ғана айқындай аламыз.

Жоғарыда берілген лексемаларға жасалған талдау тарихи сөздік мақаласының құрылымын жасауға негіз бола алады, өйткені мұнда сөздің графикалық нұсқасы, мағыналық тармақтары, контекстік қолданысы, тарихи өзгерісі және қазіргі тілмен сабақтастығы қатар көрсетілді.

Тарихи сөздік жасау – тілдің даму сатыларын терең қамтитын, құрылымдық-семантикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеуді қажет ететін күрделі әрі жауапты ғылыми жұмыс. Бұл үдерісте

ең алдымен Тарихи сөздіктің сөзтізбесіне еруге лайық лексикалық бірліктердің толық базалық құрамын қазіргі қазақ тілінің лексика-грамматикалық жүйесімен салыстыра отырып, ғылыми тұрғыдан саралап жинақтау қажет. Сонымен қатар, түпнұсқалық жазба ескерткіштерге сүйене отырып, әрбір дереккөз негізінде жеке сөздіктер түзу, сол арқылы тарихи сөздік қордың негізін құрайтын көне лексиканы, байырғы түркілік сөз тіркестері мен фразеологизмдерді, аймақтық тарихи диалектизмдерді, сондай-ақ араб, парсы, қытай, моңғол тілдерінен енген кірме сөздердің құрамын дәл анықтау – бұл бағыттағы жұмыстың маңызды бөлігі болып табылады. Бұдан бөлек, сөзтізбеге енген әрбір сөздің негізгі (түбір) тұлғасын, туынды формаларын, бейсөздік (лексикалық емес) қолданыстарын, контекстегі тіркесімдік ерекшеліктерін нақты жазба деректер негізінде сұрыптап, жүйелі түрде талдау қажет. Жинақталған лексикалық материалды әліпбилік, тақырыптық немесе құрылымдық-мағыналық принциптер бойынша топтап, жүйелеу де осы күрделі процестің құрамдас бөлігі. Мұндай ауқымды жұмыс тек кәсіби лингвист-мамандардың үйлесімді ұжымдық еңбегін және ұзақ мерзімді ғылыми бағдарламалар аясында жоспарлы түрде жүзеге асырылуын талап етеді.

Қорытынды

Тілдің сан ғасырлық даму жолын терең түсіну үшін көнеден жаңаға қарай жекелеген лексикалық бірліктердің семантикасын тарихи салыстыру негізінде жинақтау аса маңызды. Себебі бүгінгі түркі тілдері ежелгі, тіпті одан да арғы дәуірлердегі тілдік негіздерден таралып, уақыт өте келе өзара жақындасу не алшақтау сияқты тарихи-тілдік өзгерістерді бастан өткерді. Дегенмен, қазіргі түркологияда бұл тілдердің терең тарихи қабаттары, соның ішінде ататүркі (пратюрки) мен түптүркі (прототюрк) кезеңдері әлі күнге дейін жан-жақты әрі жүйелі түрде зерттелмей келеді.

Тарихи сөздік құрастыру үшін көне, орта, жаңа түркі дәуіріне тиесілі жазба мұралардың маңызы ерекше. Себебі ұлт болып қалыптасуға дейінгі дәуірлердегі тайпалық бірлестіктердің тілі қазіргі қазақ тілінің бастау көздерінің бірі. Олардан сөздердің мағынасы, қолданылу аясы және грамматикалық құрылысы жөнінде нақты деректер алуға болады. Әсіресе, Тарихи сөздік түзуде негізге алынатын тілдік бірліктер XV ғасырдан бергі жазба мұраларда молынан ұшы-

расатыны анық. Көне және орта түркі дәуірлерінен бастау алған жазба тіл дәстүрі өз кезеңінде әмбебап, тұрақты нормаларға сүйенгені белгілі. Алайда XV-XX ғасырлар аралығында бұл дәстүрлік жүйе біртіндеп өзгеріп, заман талабына сай жазу мәдениетінің жаңа, әрі жетілген түрін қалыптастырды. Яғни, тілдің ішкі жүйесімен қатар сыртқы әлеуметтік, тарихи факторлардың ықпалы да жазба тілдің дамуына әсер етіп отырды. Сондықтан Тарихи сөздік құрастыру үшін көне түркі, орта түркі және жаңа түркі (ескі қазақ жазба тілі) дәуірлерін оқшауламай, біртұтас тарихи сабақтастықта қарастыру – тіл дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Себебі ескі қазақ жазба тілінің құрылымынан алдыңғы екі кезеңнің, атап айтқанда, көне және орта түркі тілдерінің лексикалық, морфологиялық және синтаксистік элементтері айқын байқалады. Сонымен қатар бұл тілдік жүйеде таза ұлттық жазба тілдің де өзіндік белгілері қалыптасқан. Осы үш тарихи кезеңнің бір-бірімен тығыз байланысы мен өзара ықпалдастығы қазақ тілінің қалыптасу тарихын нақты айқындайды. Сондықтан Тарихи сөздік құрастыруда бұл жазба дәстүрлерді тұтастықта қарастыру, олардың әрқайсысынан ұлт тіліне ауысқан тілдік бірліктер мен мағыналық өзгерістерді жүйелі түрде саралап жинақтап шығу лексикографиялық жұмыстың басты талабы болып табылады.

Қорыта айтқанда, тарихи лексикография – тілдің тарихи дамуы барысында сөздердің мағынасы, қолданылу аясы мен грамматикалық қызметіндегі өзгерістерді зерттейтін және сол өзгерістерді лексикографиялық құралдар арқылы жүйелейтін маңызды сала. Бұл бағыт тілдің даму кезеңдерін, оның ішінде белгілі бір дәуірге тән лексикалық қор мен мағыналық қабаттарды анықтап, тілдік құбылыстарды кезең-кезеңімен тіркеп отырады. Осы арқылы Тарихи сөздік – белгілі бір тілдің дамуы мен тарихи тағдырын айқындайтын негізгі ғылыми ресурсқа айналады. Ал Тарихи сөздік жасау – жай ғана сөздердің көнерген нұсқаларын жинақтау емес, бұл – олардың тарихи семантикасын, этимологиясын, қолданылу үлгілерін, әлеуметтік және мәдени контекстін анықтай отырып, көпқабатты талдау жүргізу үдерісі. Мұндай ауқымды жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізін тарихи лексикография айқындайды. Ол тек

тілді сипаттаумен шектелмей, тарихи көзқарасты басшылыққа ала отырып, сөздік материалды дәуірлік, стильдік, функционалдық тұрғыдан жіктейді. Тарихи лексикографияның теориясына сүйене отырып құрастырылған сөздіктерде белгілі бір кезеңнің тілі ғана емес, сол дәуірдегі халықтың тұрмысы, дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы мен мәдени болмысы да тұтастай көрініс табады. Бұл Тарихи сөздікті дереккөз ретінде ғана емес, тұтас бір тарихи-мәдени энциклопедия ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Көне, орта және жаңа түркі дәуіріне тән жазба ескерткіштерге сүйене отырып жасалған Тарихи сөздік – қазақ тілінің тарихи даму үрдісін түсінудің, оны әрі қарай зерттеудің, оқытудың да бірегей құралы.

Ұсынылған тұжырымдар мен үлгі талдаулар болашақта «Қазақ тілінің тарихи сөздігін» құрастыруда сөзтізбе жасаудың, сөздік мақаланы рәсімдеудің және тарихи лексемаларды семантикалық жүйелеудің ғылыми-тәжірибелік негізі бола алады.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылыми комитеті қаржыландырылатын ЖТН АР23488372 «Қазақ лексикографиясының тарихы: XVIII-XX ғғ. аралығындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (тарихи лексикографиялық, лексика-семантикалық аспект)» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Мақала авторларының үлесі

Г.М. Мамырбек концептуализация, әдістеме және бастапқы нұсқаны жазу жұмыстарын орындады; А.А. Сейітбекова зерттеу жүргізіп, деректерді жинақтады және жүйеледі; Б.Х. Курманова формалды талдау жасап, визуализация мен нәтижелерді тексеруге қатысты; З.Ж. Османова ғылыми кеңес берді және мәтінді редакциялау мен толықтыру жұмыстарын жүргізді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Sajous, F., & Martinez, C. (2022). Metalexicographical investigations with the DiCo database. *International Journal of Lexicography*, 35(1), 75–106. <https://doi.org/10.1093/ijl/ecab017>
- Stone, R. V. (2026). The Dictionary of Canadianisms on Historical Principles. *International Journal of Lexicography*, 39, ecaf025. <https://doi.org/10.1093/ijl/ecaf025>
- Yespenbetov, A., Tulebayeva, K., Kassymova, A., Yerdembekov, B., & Smagulova, A. (2024). Thesauri in the modern world: Research and prospects for application. *Public Journal of Semiotics*, 11(1), 41–51.
- Хусаинов, К. Ш. (1981). *В. В. Радлов и казахский язык*. Наука.
- Атабай, Б. А. (1998). *Л. З. Будагов сөздігіндегі қазақ сөздері* (Филол. ғыл. канд. диссер.). Алматы.
- Малбақов, М. (2025). *Қазақ лексикографиясының тарихы: XVIII–XX ғғ. аралығындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (тарихи лексикографиялық, лексика-семантикалық аспекті)*. «Асыл» баспасы.
- Радлов, В. В. (1888–1911). *Опыт словаря тюркских наречий* (Т. I–IV). Типография Императорской академии наук.
- Будагов, Л. З. (1869, 1871). *Сравнительный словарь турецко-татарских наречий*. Типография Императорской академии наук.
- Фазылов, Э. (1966, 1971). *Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века* (Т. I–II). Фан.
- Севортян, Э. В. (1974, 1978, 1980, 1989). *Этимологический словарь тюркских языков* (Кн. 1–4). Наука.
- Древнетюркский словарь*. (1969). В. М. Наделяев и др. (Ред.). Наука.
- Jürviste, M., & Jakobson, J. (2025). Vision-enabled LLMs in historical lexicography: Digitising and enriching Estonian-German dictionaries from the 17th and 18th centuries. *arXiv*. <https://arxiv.org/abs/2510.07931>
- Салқынбай, А. Б., & Каспихан, Б. К. (2025). Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі лауазым атауларының шығу тегі. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 3(199), 120–130. <https://doi.org/10.26577/EJPh2025199311>
- Қортабаева, Г. Қ., Теменова, Г. Қ., Шайхыстамова, М. Б., & Сейдикенова, А. С. (2024). Түркі тілдеріндегі табу аттардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 2(194), 59–68. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v194.i2.ph06>
- Алдашева, К. С., Койшигулова, Д. М., & Қондыбаева, Р. Ж. (2023). Қазақыландыру және пуризм: лексикалық жаңалықтарды субъективті шкалалау әдісі бойынша бағалау нәтижелері. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 4(192), 4–20. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph1>

References

- Aldasheva, K. S., Koishigulova, D. M., & Qondybaeva, R. Zh. (2023). Qazaqylandyru zhane purizm: leksikalyq zhañalyqtardy subektivti shkallalau әdisi boynsha baғalau nәtizheleri [Kazakhization and purism: Results of evaluating lexical innovations using the subjective scaling method]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 4(192), 4–20. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph1> (In Kazakh)
- Atabai, B. A. (1998). *L. Z. Budagov sózdigindegi qazaq sózderi* [Kazakh words in L. Z. Budagov’s dictionary] (PhD dissertation). Almaty. (In Kazakh)
- Budagov, L. Z. (1869, 1871). *Sravnitel’nyi slovar’ turetsko-tatarskikh narechii* [Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects]. Tipografiia Imperatorskoi akademii nauk. (In Russian)
- Fazylov, E. (1966, 1971). *Starouzbekskii iazyk. Khorezmiiskie pamiatniki XIV veka* [Old Uzbek language. Khorezm monuments of the 14th century] (Vols. I–II). Fan. (In Russian)
- Jürviste, M., & Jakobson, J. (2025). Vision-enabled LLMs in historical lexicography: Digitising and enriching Estonian-German dictionaries from the 17th and 18th centuries. *arXiv*. <https://arxiv.org/abs/2510.07931>
- Khusainov, K. Sh. (1981). *V. V. Radlov i kazakhskii iazyk* [V. V. Radlov and the Kazakh language]. Nauka. (In Russian)
- Kortabaeva, G. Q., Temenova, G. Q., Shaikhystamova, M. B., & Seidikenova, A. S. (2024). Türkii tilderindegi tabu attardyñ ulttyq-mәdeni erekshelikleri [National and cultural features of taboo names in Turkic languages]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 2(194), 59–68. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v194.i2.ph06> (In Kazakh)
- Malbaqov, M. (2025). *Qazaq leksikografiyasynyñ tarikhy: XVIII–XX ғғ. aralyғыndaғы qazaq sózderiniñ leksikografiialanuy men qalyptanuy (tarikhi leksikografiialyq, leksika-semantikalыq aspekt)* [History of Kazakh lexicography: Lexicographization and standardization of Kazakh words in the 18th–20th centuries (historical lexicographic and lexical-semantic aspect)]. Asyl baspasy. (In Kazakh)
- Nadeliyev, V. M., et al. (Eds.). (1969). *Drevnetiurkskii slovar’* [Old Turkic dictionary]. Nauka. (In Russian)
- Radlov, V. V. (1888–1911). *Opyt slovaria tiurkskikh narechii* [Attempt at a dictionary of Turkic dialects] (Vols. I–IV). Tipografiia Imperatorskoi akademii nauk. (In Russian)
- Sajous, F., & Martinez, C. (2022). Metalexicographical investigations with the DiCo database. *International Journal of Lexicography*, 35(1), 75–106. <https://doi.org/10.1093/ijl/ecab017>
- Salqynbai, A. B., & Kaspikhan, B. K. (2025). Kөne түrki jazba eskertkishterindegi lauazym ataularynyñ shyғu tegi [The origin of titles in Old Turkic written monuments]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 3(199), 120–130. <https://doi.org/10.26577/EJPh2025199311> (In Kazakh)
- Servortian, E. V. (1974, 1978, 1980, 1989). *Etimologicheskii slovar’ tiurkskikh iazykov* [Etymological dictionary of Turkic languages] (Books 1–4). Nauka. (In Russian)

Stone, R. V. (2026). The Dictionary of Canadianisms on Historical Principles. *International Journal of Lexicography*, 39, ecaf025. <https://doi.org/10.1093/ijl/ecaf025>

Yespenbetov, A., Tulebayeva, K., Kassymova, A., Yerdembekov, B., & Smagulova, A. (2024). Thesauri in the modern world: Research and prospects for application. *Public Journal of Semiotics*, 11(1), 41–51. <https://journals.lub.lu.se/pjos/article/view/26465/24056>

Авторлар туралы мәлімет:

Мамырбек Гүлфар Мәжитқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: gulfar76@mail.ru).

Сейітбекова Айнұр Аташбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: ainurseit@mail.ru).

Құрманова Бибиғұл Ханиұлловна – аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (Орал, Қазақстан, e-mail: kurmanovab@list.ru).

Османова Зейнеп Жалалиевна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zeinep1975@mail.ru).

Information about the authors:

Mamyrbek Gulfar (Corresponding Author) – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulfar76@mail.ru).

Seitbekova Ainur – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ainurseit@mail.ru).

Kurmanova Bibigul – senior lecturer, West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: kurmanovab@list.ru).

Osmanova Zeinep – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zeinep1975@mail.ru).

Сведения об авторах:

Мамырбек Гүлфар Мажитовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: gulfar76@mail.ru).

Сейітбекова Айнұр Аташбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: ainurseit@mail.ru).

Құрманова Бибиғұл Ханиұлловна – старший преподаватель, Западно-Казакстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана (Уральск, Казахстан, e-mail: kurmanovab@list.ru).

Османова Зейнеп Жалалиевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: zeinep1975@mail.ru).

Келіп түсті: 20 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 19 наурыз 2026 жыл